

**ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТТІҢ
НЕГІЗІН ҚАЛАУДАҒЫ ОРНЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ (1917-1930 жж)**

Қазан төңкерісінің нәтижесінде мемлекеттік билікке қолы жеткен большевиктер партиясы қоғамды қайта құруда жаңа мәдениетті қалыптастырумен тығыз байланыста қарады. Бірақ, ол уақытта Қазақстанның жағдайы өте ауыр күйінде қалды. Тіпті, ең қажетті заттардың өзі тапшылыққа айналды. Бірқатар қалалар мен аудандарда аштық жайлады, елде әр түрлі жұқпалы аурулар етек алып, онан сан мыңдаған адамдар қаза тапты. Темір жол транспорты мүлде тоқтарлықтай халге жетіп, өнеркәсіп қатты күйзеліске ұшырады. Орын алған осындай жағдайға қарамастан, Қазақстанда халық шаруашылығын қалпына келтіруге және мәдени құрылысты күшейтуге бағыт алады. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін ең бірінші кезекте халықтың сауатсыздығын жойып, республиканың шаруашылығын қалпына келтіретін мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарын ашу қажет еді.

Сондықтан да кеңес өкіметінің басты көңіл бөлгені – жаңа социалистік мәдениеттің негізі ретінде қарастырылған – оқу-ағарту саласы еді. Білім беру жүйесін құру өте қиын жағдайда жүрді. Оған кері әсер еткен негізінен үш фактор болды: 1. Елдің азамат соғысы жағдайында болуы. 2. Шаруашылықтың күйзеліске ұшырауы. 3. Халық сана-сезімінің жаңа оқу-білімді соншалықты қажетсінбеуі. Жаңа өкіметтің мектеп үйлерін салуға, оқу құралдарымен жабдықталуына қаржының тапшылығы, ғалымдар мен оқытушылардың аздығы, білім жүйесінің әлсіздігі және тағы басқа да себептер Қазақстанда жеке дербес жоғары оқу орындарын ашуға ешқандай мүмкіндік бермеді. Сол себептен Қазақстандағы жоғары оқу орындарының құрылуы мен дамуы тікелей Ташкентте ашылған Орта Азия Мемлекеттік университетінде байланысты болды. Ол кезде Ташкент қаласы Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы болатын. Оның жоғарғы басшылық орындарында халқымыздан шыққан белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанұлы, С.Асфендияровтармен қатар, 20 – жылдары бұрынғы Алашордашылар М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Тынышпаев, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Досмұхамедұлы және тағы басқалар әр түрлі деңгейде қызметтер атқарды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары Ташкент қаласы Түркістан өлкесіндегі экономикалық және мәдени жағынан ең бір жоғары дәрежеде дамыған орталыққа айналды. Егер Орынбор қаласындағы қазақ зиялылары негізінен Сәкеннің маңына топталып, «пролетарлық бағыт» жолына түскен болса, ал Ташкентте шоғырланған қазақ зиялыларының көрнекті қайраткерлері мен өкілдері «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналының төңірігіне жиналып, ұлттық-демократиялық бағыттағы жұмыспен айналысқан болатын. Әсіресе, Ташкенттегі қазақ зиялылары, оның ішінде алаш қайраткерлері Түркістан халқының мәдениеті мен білімін көтеруде ерекше орын қалдырды. Олардың халық ағартушылық қызметінің көрінісі, Орта Азия Мемлекеттік университетінде айқын байқалды. Ташкентте ашылған Орта Азия

Мемлекеттік университеті Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдени өмірін көтеруде көп көмегін тигізді. Ол кезде Орта Азия мен Қазақстанның бірден-бір ғылыми және мәдени орталығы болған бұл университет сан мыңдаған қазақ мұғалімдері мен мамандарды дайындады. Сонымен қатар, бұл университет Түркістан өлкесінде мекен ететін бүкіл халықтарға ортақ болды. Өйткені, Орта Азия Мемлекеттік университетінің ашылуының өзі тікелей Түркістан идеясымен ұштасып жатты. Орталық Азия елдерінің тұтастығы идеясының қайта жаңғыруы ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне тұспа-тұс келеді. Бұл идея біріншіден, басым бөлігі түркі мұсылмандарынан тұратын халықтардың зиялыларының екі бірдей буынының (патшалық билік тұсында қалыптасқан және кеңестік жағдайында қызметке араласқан) қызметіне арқау болса, екіншіден, сол бұрынғыдай кең географиялық кеңістікте көрініп, яғни, батысында Еділ мен Жайық бойы, шығысында қазақ даласы мен қырғыз Алатауы аралығындағы халықтарды қамтыды.

Тарих шындығы солай, бұл тарихи кезеңде түркі халықтарының еркіндігі және осы жолда олардың тұтастығы идеясына дем беру және оны нақты саяси күшке айналдыру ісінде Қырым және Қазан татарлары жетекші рөл атқарды. Исмаил бек Гаспралы, Жүсіп Ақшора бағыт беру ісіне көп күш жұмсады. Орталық Азия кеңістігін де өз құшағына алған бұл қозғалысқа тәжік, өзбек, қырғыз және қазақ зиялылары да белсенді түрде араласа бастады. Шетелдік эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Ж.Ақшора, С.Максуди, М.Шоқай, Ғ.Исхаки және басқалары саяси күрестің жаңа әдіс-құралдарын игерді. М.Шоқай Еуропада жүрген Орталық Азия мұғажырлары қоғамын ұйымдастырып, оны өзі басқарды, қоғамның үні мен пікірін халықаралық қауымдастыққа жеткізіп тұру мақсатында, алдымен «Янги Түркістан», сонан соң «Яш Туркестан» журналдарын шығарды [1, 17-18 бб].

Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығы идеясы туралы айтқанда, 1917 жылы қараша айында Қоқан қаласында болып өткен IV өлкелік мұсылмандар съезінің шешіміне соқпай өту мүмкін емес. Съезд Түркістан өлкесін Ресей империясы құрамындағы Автономия деп жариялады. Бұл сол өлке халықтарының саяси, экономикалық және рухани дербестікке ұмтылысының нақты көрінісі болатын. Большевиктер билігі жергілікті халықтардың мұндай табиғи талабымен есептескен жоқ. Қоқанда өмірге келген үкіметті «буржуазиялық» билік жариялап, өлке халықтарына Кеңестік негіздегі Автономия деп аталатынын мәлім етті. Орталық Азия халықтарының тұтастығы және азаттығы идеясы кеңестік билік тұсында да (оның алғашқы жылдары) саясат сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Жаңа саяси жағдайда оны іске асыру ісінде Мирсаид Сұлтанғалиев және Тұрар Рысқұлов сияқты қайраткерлер белсенділік танытты. Бұл қайраткерлер Орталық Азия халықтарының ұлттық ерекшеліктері негізінде жеке республикаларға бөлшектеу ұстаныма ашық қарсылық көрсетті. Олар Түркістан өңірін «қырғыз(қазақ), өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар және тағы басқа да түрік тілдес халықтардың» ортақ Отаны деп жариялауды ұсынды. Сондай-ақ, Кеңестік Түрік Республикасы құрамына өткісі келетін жаңа республикаларды кедергісіз қабылдауға мүмкіндік туғызуды талап

етті.1920 жылы қаңтар айында Ташкентте болып өткен Түркістан большевиктер партиясының мұсылмандар бюросының үшінші төтенше конференциясының талқысына түсіп, қабылданған тезистер Кеңестік Орталық билік тарапынан қолдау таппады. Яғни, XX ғасырдың басында жаңа серпін алған Орталық Азия халықтарының тұтастығы және азаттық идеясына империялық күштер тарапынан тағы да түрлі тосқауылдар қойылды. Сөйтіп, Ұлы идеяны іске асыру мүмкіндігі тағы да кейінгі мерзімге, болашақ ұрпақтардың үлесіне қалдырылды.

Сонымен, Орталық Азия елдерінің бірлігі идеясы бұл тарих қойнауынан бастау алатын, өмірлік қажеттіліктен туындаған және өңір халықтарының қоғамдық өмірінде өз орны бар шынайы құбылыс. Ол, әсіресе, өтпелі, күрделі қоғамдық өзгерістер кезеңінде өзінің өзектілігін ылғи да танытып отырды[2, 9-10 бб]. Міне, өтпелі кезеңде қайтадан туындаған Түркістан идеясының бір бөлшегі болып табылған Орта Азия Мемлекеттік университеті осы идеяның жүзеге асырылуына септігін тигізуге тиіс болды. Орта Азия Мемлекеттік университеті Шығыс Кеңес республикаларының ең беделді жоғары оқу орындарының біріне айналды.

Жалпы алғанда, алаш зиялыларының бағдарламасында білім барша жұрттың игілігі болуға тиіс деген өте маңызды қағида бар. Бұл бағдарлама бойынша жалпы білім беру барша жұртқа, қазақтарға да, орыстарға да, жұмысшылар мен шаруаларға да, кәсіпкерлерге де және басқаларға да таратылатын. Сонымен қатар, онда жоғары оқу орындарының автономиясы, оқу процесіне үкіметтің араласпауы ұсынылып, оқытушылар мен профессорлар сайланып қойылуға тиіс болды. Бұл идеялар қазіргі уақытта да өз құнын жойған жоқ. Кеңес үкіметі жеңіске жеткеннен кейін алаш мүшелері қуғындалды. Бірақ, қазақ өлкесінің сауаттылық деңгейінің төмендігі және оны көтеретін мамандардың аздығынан большевиктер бастаған кеңестік орындар, амалсыздан партияда жоқ ұлттық қазақ зиялыларын ағарту жұмысына тартуға мәжбүр болды. 1921 жылы мамыр және маусым айларында болған I жалпықазақтық партия конференциясында облыстық партия комитеті басшыларының бірі- Авдеев алаш қозғалысына ат салысқан қазақ зиялыларын қызметке тартуға қарсы болғандарға жауап беріп, былай деген еді: «Қырғыз интелегенциясының сегізінің жетеуі - алашордалықтар. Қырғызстанда сауатсыздық 97 пайыз,, ал егер алашордалықтарды есептен шығарсақ, онда сауаттылардың үлесі ½ пайызға кеми түседі. Қажеттілікке байланысты, бұрынғы партиялығы мен белсенділігін есепке ала отырып, көптеген оқығандарды жұмысқа тартуға тура келеді» [3, 24 б]. Жалпы, бұл тарихи кезеңде алаш қозғалысына қатынасқан зиялы қауымның қоғамдық-саяси рөлін тура түсінген партия мүшелері аз болған жоқ. Солардың ортақ пікірін білдіре келіп, Авдеев былай деген еді: «...Конференция артта қалған, мәдениетсіз ұлттың арасында жұмыс істеу ерекшелігіне назар аударуы керек. Олардың өміріне араласуға немесе жақындасуға бағытталған кішкене ғана әрекетті қырғыздар бақылау ретінде қабылдап отыр, орыстарға сенімсіздік терең тамыр жайған және ол көпке дейін жойылмайды. Сондықтан да жүрдім- бардым тұжырымдар жасап, бір жаққа бұра тарту дұрыс емес» [3, 24

б]. Алаштық интеллигенцияға қатынастың сапалы өзгеріске ұшырауы 1925 жылдан басталып, еліміздегі мәдени құрылыс барысын жеделдетуге, мектеп құрылысы, орта және жоғары оқу орындарының ашылуына ұлттық зиялылар елеулі ықпал жасады. Олар қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға белсене араласты. Мысалы, А.Байтұрсынов суретті әліппе, Ж.Аймауытов ана тілін оқыту әдістемесі, сол кезде Томск университетінің студенті болған Қ.Сәтпаев алгебра оқулығын, Ә.Бөкейханов география оқулығын құрастырды.

Азамат соғысы Кеңестердің жеңісімен аяқталып, Кеңестік негіздегі Қазақ автономиялық Республикасы құрылып, Алаш қозғалысы тарих сахнасынан күшпен кетірілген жағдайда оның басында болған қазақ зиялылары кеңес өкіметі мен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, күрестің «бейбіт» жолдарын таңдайды. Олар халықты күннен күнге күшейіп келе жатқан билеуші тәртіпке қарсы қарулы күреске шақыру қажетсіз, тіпті зиянды деп санады. Сондықтан да Кеңес өкіметінің білімді, оқыған ұлттық мамандарға зәру екендігін ескере отырып, олар өз өкілдерін мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және сол арқылы халыққа идеялық ықпал жасау, ұлттық мүдделерді қорғау құралдары ретінде оқу-ағарту, мезімді баспасөз, ғылыми орталықтар, әр түрлі салалардағы баспа орындарын кеңінен пайдаланудың ауқымды шараларын 20-жылдардың алғашқы сегіз жылында жүзеге асырды.

Халық комиссарлар Кеңесінің құрамына өтіп, оқу-ағарту комиссары болып сайланған Ахмет Байтұрсынов 1922 жылдан оқу-ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми орталықты басқарады. Осы кезде А.Байтұрсынұлының тікелей араласуымен халық ағарту, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне үлкен мән беріліп, қазақ еңбекшілеріне тегін білім алу құқығы заң жүзінде бекітіледі. Республиканың оқу-ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынұлы жер-жерлерде осы комиссариаттың губерниялық, уездік, болыстық бөлімдерін ұйымдастырады. Сондай-ақ, ол мемлекеттік аппаратты, оның басқару жүйесін жергіліктендіру (коренизация) мәселесін ойластырып, осыған байланысты үкіметке енгізер ұсыныстарын дайындайды. Ақаңның пайымдауынша, Кеңес өкіметінің аппаратын жоғарыдан төменге дейін жергіліктендірудің мәні – оның жұмысын қазақ тіліне аудару, билік пен басқару орындарының үлкенді-кішілі шенеуніктерінің қызмет етуі міндетті түрде қазақ тілін меңгеруіне тікелей байланысты болуы еді. Бұл саладағы жұмыстар Ақаң мемлекеттік қызметтен тайдырылғаннан кейін бірер жыл өткен соң басталды да, көп кешікпей аяқсыз қалды [4, 35 б]. 20 жылдардың басында А.Байтұрсынұлы жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстанның оқу-ағарту комиссары Мұхтар Әуезов, Қазақ автономиялы Республикасының Орталық Атқару комитетінің саяси хатшысы, жекелеген алашшыл азаматтар Қазақстан мен Түркістан АКСР-нің мемлекеттік басқару жүйелерінде жауапты қызметтер атқарды. Осындай адамдардың ықпалымен Алаш қозғалысының мүшелері баспасөз, оқу-ағарту, ғылым, өнер жүйелерінде басшылық етіп, айтарлықтай лауазым иелері

болды. Сонымен қатар, олар ғылым, әдебиет, өнер салаларында шығармашылық жұмыспен шұғылданды.

Әлихан Бөкейхановтың Қазақстанда тұрып қызмет атқаруына мүмкіндік болмай, Москваға ауысып кеткен жағдайында Қазақстандағы күннен-күнге бел алып келе жатқан әкімшіл-әміршіл мемлекеттік билікке қарсы рухани күрестің көсемінің рөлін Ахмет Байтұрсынұлы атқарады. Нәтижесінде 1921-1928 жылдар аралығында А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы», «23 жоқтауы», Телжан Шонановтың «Қазақ жер мәселесі тарихы», М.Әуезовтың «Әдебиет тарихы», «Қилы заман» және «Қараш-қарашы», Х.Досмұхамедовтың «Аламан» мен «Исатай-Махамбет», М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері және тағы басқа да зерттеушілердің еңбектері жарық көріп, халық игілігіне айналды [4, 36 б].

Бұл еңбектердің басым көпшілігі, 20- жылдардың ортасынан бастап, елде тоталитарлық жүйенің күшеюіне орай ресми саясатта және коммунистердің тапсырысымен жазылған зерттеусымақтарда, қазақтардың арғы-бергі тарихы мен мәдениетінің өзекті мәселелері, ең алдымен, Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы, ұлт-азаттық қозғалыстар мәселесі, жер-су мен ұлттық мәдениет тарихының өрескел бұрмалануына қарсы бағытталаған рухани күрестің жарқын көрінісі болды. Егер 1917-1920 жылдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай және олардың сенімді серіктері Кеңес өкіметіне сөзбен де, қарумен де қарсы шықса, 20-жылдары ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлері тоталитарлық жүйеге қарсы рухани майданда бетпе-бет келді.

Алаш қозғалысының көсемдерінің бірі болған, ХХ ғасырдың басында қазақ халқының Азаттық жолындағы күресінің манифесіндей зор рөл атқарған, «Оян, қазақ!» жинағының авторы- Міржақып Дулатов та басқа ұлт қайраткерлері сияқты Кеңес үкіметін мойындап, қазақ халқы үшін қызмет етуге кіріседі. Яғни, Кеңес өкіметі өзінің жағына шыққан Алаш қайраткерлеріне кешірім жасаған кезде, Міржақып Дулатов жаңа құрылысқа қызмет етушілер жағында болды. Әрине, Міржақып сияқты «дініне берік» қайсар адамның күрт өзгеріп, өзі ұстанған ождан борышынан аттап кетуі оңай болмаса керек. Оның ішкі дүниесінде ешқандай тебірініс болмады десек, шынайы күрескер адам психологиясын әділ бағаламаған болар едік. Бірақ, Кеңес жағына шыққаннан кейін, сол топтағы басқа да көптеген қайраткерлер сияқты, Дулатов та социализм құрылысына қызмет етуден жалтарған жоқ. Қоғамда болып жатқан күрт өзгерістерден кейін аз-кем тыныс алып, ес жиған М.Дулатов 1920 жылы Ташкентке келеді. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі осы жылдары Міржақыптың шығармашылығында аса бір жемісті уақыт басталды. Атап айтқанда, 1922 жылы ол екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» өңдеп, Ташкент қаласында бастырып шағарады. Сол жылы «Балқия» атты төрт перделі пьеса жазады. Сол кездегі зор табысқа ие болған бұл шығарманы қазақ-кеңес театрының алғашқы репертуарлық бастауларының бірі десе де болғандай еді. Ал осыған

әрдайым қапталдасып отырған журналистік, аудармашылық қызметті қоссақ, тынымсыз еңбекпен өткен, қаракетшіл қажыр иесінің өмірін айқын көреміз.

Мәселен, бір ғана 1925 жылдың өзінде-ақ Міржақып Дулатов В.И.Лениннің «Жаңа үнем саясаты», «1905 жыл төңкерісі», Г.Зиновьевтің «Ресейлік коммунистік партияның тарихы» атты еңбектерін аударып, Ташкент пен Орынборда бастырып шығарады. Сол кездегі Ташкент қаласында қазақ тілінде шығатын Түркістан Республикасының органы - «Ақ жол» газетінің редакторы болады. 1920-1924 жылдар аралығында бұл газетте М.Дулатовтың жарияланған мақалаларында халықтар бірлігін қорғай отырып, қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен мәдениетін сақтау және қазақтарға толық еркіндік пен теңдік беру сияқты мәселелерді көтеріп отырды [5, 3 б].

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында «Ақ жол» газеті негізінен ұлттық мүддеге, оның мәдениетіне, тіліне, әдебиетіне байланысты мақалаларды жиі жариялап тұрған. Газеттің ұстанған бұл бағыты большевиктердің Орталық Комитетіне ұнай қойған жоқ. Әсіресе, Қазақ Өлкелік комитеті мен алаш интеллигенциясының өкілдері топтасқан «Ақ жол» газетінің арасындағы жағдайды шиеленістіріп жіберген Сталиннің 1925 29 мамырда БКП (б) қазақ өлкелік комитеті бюро мүшелеріне газеттің бағытына қатысты жолдаған хаты болды. Хат екі бөлімнен тұрды. Оның алғашқы жартысында Сталин өзінің «Ақжол» материалдарымен танысқандығын, олардың ақ гвардияшылар басылымында жарық көрген М.Шоқайдың еңбектерімен рухани сабақтастықта екендігін, «Ақжол» сыны жай сын емес, кеңес шындығының Шоқаев сияқты оппоненттеріне көмектесетін зілі бар сын екендігін айтып, «мынадай сынға Кеңестер елінде орын болуға тиіс емес», - деп қорытады. Хаттың екінші бөлімінде Сталин партияда жоқ қазақ интеллигенттеріне партияның Қазақ Өлкелік комитетінің қатынасы қандай болу керектігіне кеңірек тоқталды. Принциптік маңызы болғандықтан хаттың осы бөлігін толығырақ оқып көрейік: «Мен партияды жоқ интеллигенттерді кеңес жұмысына тартуды толық қолдаймын. Екіншілік халкомы, ХШК, кооперация және басқа шаруашылық орындары бұл адамдарды астыртын кеңестендіріп, мүмкіншілігінше кеңірек пайдалануы керек. Мен сондай-ақ, партияда жоқ интеллигенттерді қырғыз мәдениетін өркендету ісіне тарту жағындамын. Қырғыз тілінде оқулықтар даярлау – бұл адамдарды мәдениет саласында пайдаланудың негізгі жолы. Бірақ мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдан ісіне жіберілуіне үзілді-кесілді қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарын саяси және идеологиялық тәрбиелеумен айналысуына қарсымын. Біз билікті жастармен саяси және идеологиялық жұмысты буржуазиялық партияда жоқ интеллигенттерге беріп қою үшін алғамыз жоқ. Бөліп - жарусыз түгелімен коммунистердің үлесіне берілуге тиіс. Олай етпейінше Шоқаевтардың Қырғызстанда жеңуі ақиқатқа айналуы мүмкін. Ал бұл коммунизмнің Қырғызстандағы идеологиялық және саяси күйреуімен тең» [3, 26 б]. Сол жылы РКП (б) Орталық комитетінің екі мәрте арнайы қазақ баспасөзі туралы мәселе қарап, нақты шешімдер қабылдады. Сол екі талқылауда да

Қазақстандағы қазақ баспасөзіне партияда жоқ интеллигенцияның ықпалы негізгі тақырыптардың бірі болды. Мәселен, 1925 жылы 2 наурызда РКП (б) Орталық Комитетінің Секретариаты «Қырғыз баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіре түсу шаралары туралы мәселе қарап, қарарында «а) Кирибком және жергілікті партия ұйымдары тарапынан мерзімді баспасөзді басқаруы жеткіліксіз болып отыр; б) қайсыбір мерзімді басылымдардың («Ақжол», «Сана», «Тілші») саяси бағытын анықтауда ұлтшыл партияда жоқ интеллигенцияның ықпалы бар», -деп көрсетілді [3, 25 б].

Осы талқылаудың артынша большевиктер Орталық Комитетінің баспасөз бөлімі 1925 жылдың 7 сәуіріндегі Қазақ өлкелік партия комитетінің баспасөз бөліміне, Сырдария обкомына жазған хаты келіп, газетті былайша айыптайды: «Оның бағыты, әсіресе соңғы айларда, мүлде төзуге болмайтындай болып кетті. ...партияның беделін түсіретін, жол беруге болмайтын және партияға қарсы пікірлер бас мақалаларда, фельетондарда және белдеу мақалаларда аз кездеспейді. Мұндай нәрселерге сөз жоқ жол беруге болмайды. РК(б)П Орталық Комитетінің Баспасөз бөлімі Қырөлкекомының Баспасөз бөлімшесіне мына шараларды ұсынады:

- 1) Қырөлкекомының және сондай-ақ РК(б)П Қырөлкекомының жергілікті ұйымдық бюросы тарапынан «Ақ жол» газетіне партиялық басшылық күшейтілсін.
- 2) «Ақ жол» газетінің редакторы орнынан алынып, ұстамды, даярлығы бар партияшылмен ауыстырылсын.
- 3) Редакция құрамы жаңартылсын және бірінші кезекте партияшыл әдеби қызметкерлермен толықтырылсын.
- 4) Партияда жоқ интеллигенция «Ақ жол» газеті редакциясында оларға партия тарапынан жетекшілік қамтамасыз етілген жағдайда ғана пайдаланылсын.

РКП (б) Орталық Комитетінің Баспасөз бөлімінің меңгерушісі Н.Варейкис [6, 25 б]. Осы құжаттың өзі-ақ «Ақ жол» газетінің басынан ұстанған бағытының коммунистік партияның идеологиялық, таптық қағидаларына қайшы болғандығын айқын дәлелдеді. Сонымен қатар, бұл нұсқау негізінен үш нәтижемен аяқталды: біріншіден, Ә. Бөкейханов бастаған бір топ алаштық интеллигенция осы жылы-ақ баспа орындарындағы қызметтерінен босатылды, екіншіден, сынға ұшыраған қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдардың біразы жабылды, үшіншіден, барлық дәрежедегі мерзімді басылым, кітап шығару ісі үстінен қуатты партиялық бақылау орнатылды, газет-журналдар алдымен партиялық позицияны білдіруге, жүргізуге тиіс болды [3, 26 б]. Міне, осындай жағдайлар Алаш қайраткерлерінің өте қиын уақытта өз халқының мүддесі үшін күрескенін көрсетеді.

Сонымен қатар, Кеңестік өкіметтің ықпалында жүріп, қазақ халқының ағарту саласын көтеруде Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, И.Тоқтыбаев, С.Сәдуақасов және тағы басқа да еліміздің белгілі мемлекет қайраткерлерінің орны ерекше. Әсіресе, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов пен С.Қожанов Орта Азия Мемлекеттік университетінің қалыптасып, өркендеуіне көп еңбек сіңірген.

Олар Республикаға басшылық жасай жүріп, университеттің халыққа жоғары дәрежеде білім беруі үшін мүмкіндігінше оның барлық жағдайын жасауға тырысып, еш аянып қалмаған. Азамат соғысынан кейін Республиканың ауыр халде тұрғанына қарамастан, Түркістан өлкесіндегі бірден-бір жоғары оқу орнына жеткілікті түрде қаржы бөліп қана қоймай, оған жан-жақтан білікті оқытушыларды шақырды, кітапханаларын керекті оқу әдебиеттерімен және зерттеу лабораториялары мен кабинеттерін керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, олар алдыңғы қатарлы студенттерге жоғары стипендиялар тағайындап, Ресейдің Москва, Ленинград және басқа да ірі қалаларындағы оқу орындарына білім алуын жалғастыруға жіберген. Оқу іздеген түркістандық жастарды шетелге, оның ішінде Германияға аттандырып, оларға қаржылай көмек көрсетіп отырған [7, 375 п].

Азаматтық қалыптасу кезеңі ХХ ғасырдың басындағы ұлтының оянған шағымен тұспа-тұс келіп, алаштың жүгін, бар ауыртпалығын мойымай көтерген және Орта Азия Мемлекеттік университетінде өз ізін қалдырған қазақ зиялыларының бірі – Иса Тоқтыбаев болды. Қоқан автономиясын құруға қатысқан Иса Тоқтыбаевтың еңбегі сонда, ол университеттің құрылған алғашқы жылында-ақ көзге түсіп, университет басшыларының біріне айналады. 1918 жылы мамырда Түркістан Халық Университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалған ол жергілікті ұлт өкілдерін оқуға барынша тарту мақсатында С.Асфендияров екеуі «Мұсылмандар секциясын» құрады. «Бірлік туы» газетінің редакциясында мүше және «Ақ жолдың» редакторы болып, қазақтың тұңғыш Ағарту институтын ашуда белсенділік көрсетеді [8, 18 п].

1923 жылы Ташкенде Түркістан зиялыларының ұйымдастыруымен «Талап» қоғамы құрылады. Оның бағдарламасы «Сана» журналының 1-санында жарияланды. Қоғамның басты мақсаттары-қазақ халқының әдеби тілін зерттеу, ғылыми терминология қалыптастыру, ұлттық өнерді, халықтың салт-дәстүрін зерттеу және насихаттау, мектеп жұмыстарына көмектесу болды. Кейін осы қоғамға профессор А.Шмидт, этнограф Ә.Диваев, К.Жәленұлы, Н.Архангельскиймен бірге И.Тоқтыбаев қабылданды [6, 23 п].

«Талаптың мүшелері көпшілік алдында дәріс оқып, баяндамалар жасап, түрлі көрмелер ұйымдастырып, өнердің неше түрлі үлгілерін, кітаптар мен қолжазбалар шығарып, кітапхана және оқу залын ашады. «Талап» қоғамы көздеген мақсатына жетпесе де, ұлт мәдениетін өркендетуге өзінің қомақты үлесін қосады.

Орта Азия Мемлекеттік университетінің ашылуы мен құрылуына алғашқылардың бірі болып С.Асфендияров та ат салысады. Ол университеттің Орталық комиссиясының төрағасы ретінде ғылыми және оқытушылық қызмет атқара жүріп, Түркістан АКСР-інде басшы партия кеңес органдарында жұмыс істеп, Денсаулық сақтау халық комиссариатын басқарады. Қазақстан тарихының көне дәуірден 1917 жылғы Қазан революциясына дейінгі аралығын қамтыған тұңғыш монографиясы мен басқа да онға тарта оқулықтары және жүзге жуық мақалалары оның ғылым саласында жоғары белестерге көтерілгенін көрсетеді. С.Ж.Асфендияровтың

ғылым мен саяси шығармашылықпен айналысып, зор табыстарға жетуіне, әрине, 1919-1922 жылдары Ташкент қаласындағы қызметі көп әсер етеді. Ол Орта Азия Мемлекеттік университетінде басшылық қызмет атқарғанда, факультеттер мен кафедраларды басқаруда еуропалықтарды жергілікті ұлт өкілдерімен алмастыру жолында белсенділік танытады [9, 243-244 pp].

«Алаш» қозғалысының көшбастаушыларының бірі болған Халел Досмұхамедұлы да 20-жылдардан бастап елдің мәдени өмірінің әр саласында бел шешіп өнімді қызмет етті. Халел Досмұхамедұлы Орта Азия Мемлекеттік университетінде «Педагогика» курсы бойынша доцент болып бекітіліп, ұстаздық, дәрігерлік, ағартушылық-шығармашылық, ТАКСР Денсаулық Сақтау комиссариатындағы және Қазақ-қырғыз Ғылым комиссиясындағы сан қырлы қызметтерге араласады. Х.Досмұхамедұлы ұстаз, дәрігер ретіндегі білімімен қатар, ол студент жастардың денсаулығының тазалығына көп көңіл бөлген. Денсаулығы нашар, ауру студенттерге көмектесіп, олардың емделуіне жағдай жасағандығын көптеген мұрағат деректерінен көреміз. Х.Досмұхамедұлы Ташкенттегі Орта Азия университетінің жанынан ашылған Полтарацкий атындағы ауруханада қосымша ординатор қызметін атқарады. Осы ауруханада көптеген сырқат студенттер емделеді. Х.Досмұхамедұлы Түркістанда баспа жүйесін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1923 жылдың 15 қыркүйек айында ол Орта Азия Мемлекеттік университеті баспасының Алқа мүшесі болып бекітіледі [10, 90-98 pp].

1920 жылы 21 тамызда ТАКСР Халық Ағарту комиссариаты алқасының кеңейтілген мәжілісінде Орта Азия Мемлекеттік университетінің жанынан өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатымен ғылым комиссиясын құрады. 1921 жылы қыркүйекте Қазақ ғылым комиссиясының төрағасы болып Х.Досмұхамедұлы, комиссия мүшелігіне Ә.Диваев, У.Танашев және Омаров тағайындалады. Х.Досмұхамедұлына зор жауапкершіліктер жүктеліп, жұмысты жандандырып, жолға қою тапсырылады. Ғылым комиссиясы мектеп кітаптарын даярлауға қатты назарын аударады. Сонымен қатар, мәдени-рухани өмірдегі жаңалықтарды насихаттауға, қазақ әндерін нотаға түсіруге, мектепте оқылатын пәндердің бағдарламаларын, қазақ тіліндегі тұңғыш жағрапиялық карталар, қазақша-орысша сөздіктер жасауға, әр түрлі ғылыми конференциялар ұйымдастыруға Ғылым комиссиясы бастамашы болды.

Ғылым комиссиясының төрағасы ретінде Х.Досмұхамедұлы қазақ мектептерінде және жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің бағдарламаларын жасауға, оқулықтар, кітаптар, ғылыми терминологияны қалыптастыру, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, бастыру жұмыстарын белсенді түрде жүргізе бастайды. Осы кезде оның ұйымдастырушылық, ғылыми-шығармашылық қабілеті жан-жақты ашылып, жарқырай түскен кез еді. Х.Досмұхамедұлының тікелей ат салысуымен Орта Азиялық мемлекеттік баспаға бірнеше оқулықтар тапсырылады. Олардың ішінде Х.Досмұхамедұлының «Табиғаттану», «Жануарлар», «Кенесары-Наурызбай», «Адамның тән тірлігі», «Адам анатомиясы және физиологиясы» және т.б. еңбектері болды [11, 89-91 pp].

Халел Досмұхамедұлының мәдени өмірде қосқан қомақты үлесінің бірі – оның баспа саласындағы, редакторлық қызметі. Ол Ташкентте «Сана» деген атпен тәлім-тәрбие журналын шығаруға араласады. Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, «Қарасай-Қази», «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай» сияқты кітаптардың кейбіреуіне өзі алғысөз жазып шығарады. Абай, Мағжан, Бернияз сынды ақындардың шығармаларының баспадан жарық көруіне себепші болған. Баспагерлік қызметінің мақсатын ол «Кенесары-Наурызбай» кітабын шығарғанда «Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу», -болды деп көрсетеді [12, 100 б]. Сонымен қатар, Халел Досмұхамедұлы Ташкентте Тұрар Рысқұловтың шақыруымен Қырғыз (Қазақ) педагогикалық училищесінде дәрігер болып істейді [13, 83 п]. Қазақ педагогикалық училищесінің негізі 1917 жылы қаланып, 1920 жылы Қазақ Ағарту институты болып қайта құрылды. Ағарту институтының негізгі мақсаты – ауыл мектептерінің бірінші сатысына мұғалімдер даярлау еді [14, 15 п]. Училищеде істеген қызметкерлердің барлығы жаңа ашылған Қазақ Ағарту институтына қайтадан жұмысқа алынады. Х.Досмұхамедұлы да осы институтқа табиғаттану пәнінің оқытушысы және дәрігер болып орналасады.

1925 жылы 8 қазанда ТАКСР Халық Ағарту комиссариатының қаулысымен Қазақ Ағарту институты негізінде Қазақ педагогикалық институты құрылады [15, 17-18 пп]. 1926 жылы Халел Досмұхамедұлы осы институттың проректоры болып тағайындалады. 1923 жылы Х.Досмұхамедұлының бастамасымен ғылыми көпшілікке арналған әдеби альманах - «Сана» журналы шығады. Оның алғашқы санында Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз Ғылым комиссиясына», «Ұйқы деген немене», «Машинаның күші», «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?», «Миллион деген немене?», «Шәкірттер саулығын сақтау» сияқты мақалалары мен зерттеу еңбектері жарық көрді [16, 11 п]. 1923 жылы 3 желтоқсанда Х.Досмұхамедұлы Орта Азия Мемлекеттік университетіндегі Түркістандық ғалымдардың тұрмысын жақсарту комиссиясының мүшесі болып тағайындалады [17, 15 п]. 1923 жылы 21 ақпандағы ТАКСР Халық Ағарту комиссариатының № 30-бұйрығы бойынша Х.Досмұхамедұлы оқытушыларды сараптаудан өткізетін комиссия құрамына тағайындалады [18, 5 б].

Орта Азия Мемлекеттік университетінде дәріс беріп, белсенділік танытқан қазақ зиялыларының қатарында Қошке Кемеңгерұлының алар орны зор. Білім мен білікке ұмтылған Қошке Кемеңгерұлының тағдыры зиялыларымыздың жарқын ғұмырымен қат-қабат байланысып жатыр. Қошке Кемеңгерұлы 1915 жылдан бастап 1930 жылға дейін үзіліссіз қазақ әдебиетіне, драматургиясы мен журналистикасына және ғылымына айрықша үлес қосқан. Осы уақыт аралығында Қошке өз қатарластарымен бірге отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күреске қатысты. Оның сан-салалы ізденіске толы ұлтты дамыту жолындағы қызметін 30-жылдары басталған Кеңес өкіметінің репрессия науқаны үзді.

Патша өкіметі кезінде қазақтың тұңғыш жастар ұйымы – «Бірлікке» мүше болып, оның «Балапан» журналына редакторлық етті. 1918-1919 жылдары жас алашшылардың газеті – «Жас азаматтың» редакторы болады. Ташкентке келген Қошке мұнда 1921-22 жылдары орныға бастаған Алаш зиялыларымен тығыз қарым-қатынас жасай бастады. Бұл кезде Ахмет пен Міржақып – Орынборда, ал Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі «Күншығыс» баспасының қазақ секциясында қызметте еді. Ташкентте Қошке сондай-ақ Халел Досмұқамедұлы, Мұхтар Әуез, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Абдолла Байтасұлы, Даниял Ысқақұлы сынды арыстармен араласып тұрды. Қошке Кемеңгерұлы Ташкентке келгеннен кейін шебер журналист ретінде өзін таныта білді. Ол «Ақ жол» газетінде қызмет жасай жүріп, әлеуметтік, шаруашылық, ғылым мен білімге байланысты көптеген мақалалар жазады. Әдебиет жөніндегі айтыстарда сындарлы пікірлер білдіреді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1924-1930 жылдары және Орта Азия Мемлекеттік университетінде қызмет жасап, ғылыммен шұғылданады. Дегенмен, Қошке Кемеңгерұлы тек қаламгер ғана емес, ағартушы-педагог ретінде тарихта есімі қалды. Ол 1926 жылдан бастап Орта Азия Мемлекеттік университетінде және Түркістан әскери училищесінде де дәріс берген. Қошке Орта Азия Мемлекеттік университетінің жұмысшылар факультетінде, даярлық бөлімінде, шығыстану және педагогика факультеттерінде қазақ тілінен дәріс оқыған. Университетте екі жыл қызмет жасағаннан кейін Қ.Кемеңгерұлы біржола ғылымға ден қойып, түріктану жолын таңдайды. 1928 жылы 23 қазанда Қошке Шығыстану факультетінің түріктану кафедрасына аспирант болып қабылданады. Бұл кафедрада А.Э.Шмидт, М.Ф.Гаврилов, А.Б.Дубсон тәрізді мықты ориенталистер тәлімгерлік жасайтын. Ғылым жолына түскен Қошке Кемеңгерұлы батыл түрде белгілі ғалымдармен ашық, жүйелі пікірсайыстарға түскен. Мәселен, 1929 жылы мамыр айында болған орфографияға арналған конференцияда жаңа орфография мен термин жасау принциптері жөнінде Қ.Кемеңгерұлы Е.Омаров және Қ.Жұбановтармен бірге орнықты пікір білдіріп, Юдахин, Поливанов және Шмидт тәрізді тәлімгерлермен қазақ тілінің күрделі мәселелерін бұра тартқан еуропалық ғалымдармен айтысқан [19, 16-26 п].

Қошке осы жоғары оқу орнында жүріп, қазақ тілі ғылымының мәселелері туралы бірқатар зерттеу еңбектерін жазады. Соның бірі – 1927 жылы Г.В.Архангельскийдің құрастыруымен орыс тілінде жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» еді. Сондай-ақ, оның «Қазақ тарихынан», «Бұрынғы езілген ұлттар», «Егін салу турасында» деген зерттеулері қазақ ғылымында өзіне лайықты орнын алды.

XX ғасырдың 20-30– жылдарында Орта Азия Мемлекеттік университеті мен қазақ жоғары оқу орындарының тарихында Темірбек Қараұлы Жүргеновтың орны айрықша. Ол азамат соғысы аяқталғаннан кейін, 1923 жылы Орынбордағы жұмысшы факультетін аяқтаған соң Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студент және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған-ды. Осы жоғары оқу орнында оқып жүрген

кезінде Т.Жүргеновтің таланты ашылып, күллі Түркістанға танымал қайраткер дәрежесіне жетеді. Сол жылдарда бірнеше қызметті қатар атқару, мемлекет және шаруашылық мекемелерінің жұмысына жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқитын, тәжірибелі, сенімді студенттерді тарту мамандардың жетіспеушілігінен туған бір үрдіс еді. Екінші семестрден бастап, Темірбек Жүргенов те университеттегі оқуынан қол үзбей жауапты қызметке - 3-4 жыл қатарынан Қазақ АКСР-нің Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі міндетін, соңғы курста Қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін қоса атқарады. Қазақстан мен Түркістан Орталық Атқару комитеттеріне мүшелікке сайланады. Сонымен қатар, ол көптеген облыстық, республикалық, өлкелік мәслихаттар мен пленумдарға делегат ретінде қатысады. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласып, Қазақстанның іргесін кеңейтуге және ұлттық жағынан тұтастануына студент болса да зор үлес қосады. Оқуды мемлекеттік және қоғамдық үлкен қызметпен қоса қабат жүргізу, болашақ заң қызметкерінің оқу үлгерімін одан әрі жақсартып, құқық, саяси экономика, тарих ғылымдарына шындап ден қойып, статистикалық, демографиялық зерттеулермен айналысуына көмектеседі. 1924 жылы Жүргенов өзінің «Орта Азия республикасында тұратын қазақтардың хал-жағдайы» атты тарихи-демографиялық очерктерін жариялап, Орта Азиядағы қазақтардың тұрмыс-күйі мен мәдениетіне қатысты мәселелерді анықтауға арнайды. Жүргеновтің бұл еңбегінде Түркістан АКСР-інде тұратын қазақ халқының әлеуметтік – экономикалық жағдай мен мәдени дәрежесіне жалпы сипаттама береді. Сондай-ақ қазақтардың қарақалпақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер және Орта Азияның басқа да халықтарымен этникалық және мәдени байланыстарын ашады. Соның ішінде автор бұл халықтардың құрамында ортақ рулар, ру бөліктері бар екендігін атап көрсетеді [20, 266 б].

1927 жылы ол университетті үздік бітірген соң, оның Қазақстан жерін әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан аудандастыруға қатысты дипломдық жұмысы аса жоғары бағаланып, профессор Н.Н.Филатовтың алғысөзімен жеке кітап болып басылып шығады. Сондай-ақ, өзі де мемлекеттік құқық пәні бойынша университетке ұстаздық қызметке қалдырылады. Университетте оқып жүріп-ақ, Т.Жүргенов баспасөз беттерінде көптеген зерттеулері мен мақалаларын жариялайды. Оның еңбектерінде Казан төңкерісі қарсаңындағы Орта Азия мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық жағдайы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің алғы шарттары мен қозғаушы күштері, социалистік мәдениеттің дамуы туралы пікірлері қарастырылған. Мәселен, «1916 жылғы қазақтар көтерілісі кезіндегі қала мен ауыл», «Қазақ университетін құру жөнінде», «Мектептің түрі, тілі туралы», «Қазақстанның ақындары мен жыршылары» деген еңбектері Т.Жүргеновтің зерттеушілік қабілетін жоғары екенін көрсетеді. Университеттен кейінгі екі жыл шын мәнісінде жемісті еңбек пен білім толықтыру жылдары болды. Республиканың ғылымы мен мәдениетінің келелі мәселелері оны бұрынғысынша толғандыра берді. Мемлекеттік

жауапты жұмыстарда жүргенде де ғылыми қызметке қайта оралуды ойынан шығарған емес. 1928 жылы ол Қазақстанның алғашқы оқу орындарының студенттеріне Михайловскийдің «Саяси экономия» деп аталатын оқулығын қазақшаға аударады. Аударманың сәтті шыққаны соншалықты, бұл оқулықты қазақ студенттерінің кең аудиториясы, ғылыми және творчестволық интеллигенция өкілдері ондаған жылдар бойы үздіксіз пайдаланады. Сонымен қатар, Жүргенов Орта Азия Мемлекеттік университетінде жүріп, өзінің аудармалары, мақалалары және кітапшалары арқылы қазақтың әдеби тілін дамытуға, ғылыми терминология жасауға көп үлес қосып, аударма ісінің практикасы мен теориясын байыта түсуге септігін тигізді [20, 267 б].

Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университеті мен халық ағарту қызметін биік жолға қойған Алаш оқығандарының бірі – С.Сәдуақасұлын атап өтуіміз қажет. 20 – жылдары Қазақстан өкіметінде ірі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген С.Сәдуақасұлы қазақ жастарының тұңғыш ұйымы «Бірлік» пен оның бағытын дәйекті түрде жалғастырған «Жас азаматқа» жетекшілік жасап, Кеңестік Күншығыс ұлттары жастарының орталық бюросында, Қазақ автономиялы республикасының Жастар одағында, Қазақ ОАК-і президумында, Бүкілресейлік ОАК-інде, Қазақ ОАК-нің Түркістан автономиялы республикасы өкілдігінде, Халық Ағарту комиссариатында жауапты және басшылық қызметтер атқарады. Ол сонымен қатар, «Жас азамат», «Ұшқын», «Өртең», «Жас қазақ» газеттері мен журналдарын шығаруға ат салысса, «Еңбекшіл жастар», «Кедей сөзі», «Еңбекші қазақ» сияқты газеттер мен «Қызыл Қазақстан» журналының жауапты шығарушысы болған. С.Сәдуақасұлының көзі тірісінде жарық көрген алты кітапшасы белгілі. Оның ішінде «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» атты еңбегі сол кездегі Қазақстандағы халық ағарту ісіне жан-жақты баға берілген. Орта Азия Мемлекеттік университетінде табиғаттану, жаратылыстану, физика пәндерінен дәріс бере жүріп, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны – Ағарту институтын ашуға күш салады [21, 6 б].

Орта Азия Мемлекеттік университетімен байланысты тұлғалардың бірі – ұлы ойшыл, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов болды. Ол өзінің шығармашылық әлемінде қазақ халқының рухани дербестігі мен ұлттық мүддесін қорғай отырып, оның салт-дәстүрін сақтап қалу және одан әрі дамытуда жанқиярлықпен еңбек етіп, оған мол үлес қосқан қайталанбас тұлға. М.Әуезов 20-жылдары Қазақстандағы демократиялық және ағартушылық қозғалыстарға белесене араласа бастады. 1923 жылы Ташкент қаласында Түркістан Республикасының бастамасы бойынша белгілі археолог, этнограф және фольклоршы А.А.Диваевтың ғылыми-педагогикалық еңбектерінің 40 жылдығы аталып өтілді. Ғылыми Кеңеске қатысушылар жас ғалым М.Әуезовтің қазақ эпосы жайлы баяндамасын тыңдайды [22, 157 б]. Р.Диваев, Т.Рысқұлов, С.Қожанов және тағы басқа көрнекті қайраткерлердің қолдауымен М.Әуезов Ленинград университетінің әдеби-лингвистикалық бөліміне оқуға түседі. Оны 1928 жылы бітірісімен Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданады. Бұл оқу орнында ол әдеби шығармашылығы мен ғылыми және

педагогикалық жұмыстарымен ұштастыра отырып, көп еңбек жасайды. Сол кездегі құжаттар деректеріне қарасақ, М.Әуезовті университетке қызметке алудан бұрын, оның бұған дейінгі тіршілігі мұқият тексеруден өткізілгеніне көз жеткіземіз.

Университет ректоры, профессор Б.Гордецкий 1929 жылдың 21 ақпанында БКП (б) Қазақстан өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И.Голощекинге мынадай мазмұнда хат жолдайды: «Әуезов жолдас – қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. Оның оқулықтары қазақ мектептеріне қабылданды. Біздегі қазақ әдебиеті секторына маман жетіспейді. Сондықтан, жолдас Әуезовті қабылдаудың университет үшін маңызы зор. Оның кандидатурасын қарастыра отырып анықтағанымыз, ол бұрын партияда болған екен. Бірақ, оның сөзіне қарағанда, белгілі себептермен шығып қалғанға ұқсайды. Сізден сұрайтынымыз, жауабын тезірек жіберсеңіздер екен. Өйткені, мұның бәрі университеттің шығыс факультеті жанындағы қазақ әдебиеті секторын ұйымдастыруға байланысты болып отыр». БКП (б) қазақ өлкелік комитеті бөлім бастығының орыбасары Мантыненконың жауап хатында М.Әуезовтің шынында да коммунистік партияның қатарында болғаны, партия мүшелігіне өткенге дейін Алашорда ұйымында болғаны, содан қалыпты жағдайда байшыл, ұлтшылдық бағыт ұстанғаны, кейінгі уақытта көзқарасының өзгергені туралы жайлар айтылады. Мұндай куәлік және қазақ әдебиеті мамандарының тапшылығына байланысты қазақ өлкелік комитетіне осындай мәлімдеме жасауына мәжбүр етеді. Бұл құжаттар М.Әуезовке рухани бостандық пен шығармашылық еркіндікке қол жеткізуіне оңай соқпаған тәрізді [22, 158 б].

Мұхтар Әуезов 1930 жылы 1 қазанда Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университеті Шығыс факультеті жанындағы аспирантураны аяқтауға жақын қалғанда, қазақтың басқа да зиялы қауым өкілдерімен бірге тұтқындалады. Тұтқындалған кісілердің тізімі бастапқы кезде 20, кейін 1931 жылдың шілдесіне дейін 32 адамға жетіп, бәрі де «ұлтшыл» деген жаламен абақтыға қамалады. Олардың қатарында Мұқамеджан Тынышбаев, Мұқтар Мурзин, Рамазан Қордабаев, Абдулхамит Ақбаев, Әшім Омаров, Саидағзана Қадырбаев, Досан Сұлтанқұлов, Серікбаев, Ақаев, Ілияс Ахметов, Нәшір Қожамқұлов, Жақып Ақбаев, Иса Қашқынбаев, Алдабек Мангелдин, Жаһаншаһ Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов, Қошке Кемеңгеров және тағы басқалары. Бұлардың көпшілігі Орта Азия Мемлекеттік университеті мен Шығыс факультетінің оқытушылары еді [23, 6-7 бб].

Бұл республиканың экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік тарихындағы күрделі кезең еді. Елде индустризациялау басталды. Түрксиб құрылысы жүріп жатты, егіндік және шабындық жерлерді қайта бөлу аяқталып, мәдениет құрылысындағы ілгерілеу-жоғары мектепті құруға қажеттілікті туғызды. Кәсіптік оқу орындарын ұйымдастыру ісінде жинақталған тәжірибе, сондай-ақ экономика мен мәдениеттің маман кадрларға сұранысының өсуі толыққанды жоғары оқу орнын ашуды мейлінше талап етті.

1927 жылдың аяғында Ораз Жандосов Халық ағарту комиссариатын басқарады. О.Жандосов сауатсыздықты жою, мектептер жүйесін кеңейту, қазақ әдебиеті мен өнерін өркендету, ұлттық мамандарды даярлауды жеделдету мәселелерін бір сәтке де назарынан шығармады. Қазақ тілінің мәртебесін өсіруге, қыз-келіншектерді оқуға тартуға күш салды. Оқу комиссариатын басқарған жылдары қазақ ғылымының мәселелерін шешуге қосқан үлесі мол. Әсіресе, Қазақстанды зерттеу қоғамының мұқтаждықтарын жиі ауызға алумен болды. Ғылымның басты міндеті өндіргіш күштерді дамыту деп білді. Өзінің замандасы М.Әуезовтің үлкен білім иесі екенін әрі алашордашыл позициядан социалистік идеяға көше бастағанын алғаш дұрыс ұғындырғандардың бірі – О.Жандосов еді. Дегенмен, Алаш қозғалысының қайраткерлеріне көрсеткен ықылас-құрметі елеусіз қалмады. 1929 жылдың ортасында О.Жандосов басшы қызметтен босатылып, өзі құрған Қазақ пединститутының оқытушысы болады [24, 108 б]. Ол 1927-1931 жылдары Қазақстан зерттеу қоғамының төрағасы қызметін атқарды. Қоғам арқылы М.Тынышпаевтың, М.Әуезовтің ғылыми еңбектерін шығаруға жәрдемін береді. Ораз Жандосов Қазақстан мәдениетінің толғағы жеткен мәселелерін шешуге қызу кірісіп, алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институтын құру жөніндегі ұйымдастыру бюросын басқарады. 1928 жылы 10 маусымда Қазақ автономиялы республикасының Халком кеңесі мәжілісінде баяндама жасап, 15 баптан тұратын үкімет қаулысын қабылдады. Осы қаулының негізінде Халық комиссарлар Кеңесі педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық үш факультеті бар Қазақ Мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Бұл шешім бойынша пединститут 1 қазан күні ашылатын болды да, оның материалдық-техникалық және қаржылық қажетін өтеудің нақты шаралары белгіленді. Профессор-оқытушылар құрамына негізінен Орта Азия Мемлекеттік университетінен шақырылатын болды. Ораз Жандосовтың шақыруымен университет ректорлығына Москвадағы Шығыстану институты директоры қызметінде отырған профессор С.Асфендияров келеді. Университетте жұмыс істеуге А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов сынды тұлғалар тартылды. Университеттің ашылу салтанатында қазақ зиялыларының атынан А.Байтұрсынов сөз сөйледі. Өкінішке орай, арада бірнеше апта өткен соң ОГПУ тыңшылары Ахаңды абақтыға жауып, ғылыми-педагогикалық қызметінің жолын кесті.

Жалпы алғанда, Қазақтың тұңғыш институты бастапқы кезде 1919 жылы ТұрАКСР-ның Халық Ағарту комиссариатының шешімімен Ташкенттегі орыс педагогикалық училищесінде қазақ бөлімі ретінде ашылады. Сол жылы 1 маусымда Қазақ бөлімі жеке дара училище болып құрылады. 1920 жылы аталған оқу орны Өлкелік Ағарту институты (КАЗИНПРОС) болып, қайтадан ашылады. Онда Орта Азия Мемлекеттік университетінде жұмыс істеген қазақтың белгілі зиягерлері: М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, С.Қожанов, И.Тоқтыбаев, М.Жұмабаев, К.Жаленов, Х.Болғанбаев, Қоңырқожа Ходжиков, Ф.Құлтасов, Е.Табынбаев, С.Өтегенов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, Д.Сәрсенов және тағы басқалары

дәріс береді. Бірнеше апта өткен соң, ОГПУ тыңшылары Ақанды абақтыға жауып, ғылыми-педагогикалық қызметінің жолын кесті [25, 5-6 pp].

Университет жалғыз ғана педагогикалық факультетпен 1928 жылы қазан айында ашылды. Факультеттің үш бөлімшесінде, негізінен Орта Азия Мемлекеттік университетінен ауыстырылған 124 студент оқыды және 9 оқытушы жұмыс істеді. Басқа екі факультет үшін педагогтар мен студенттерді жинаудың сәті түсіп, оған да Орта Азия Мемлекеттік университеті тарапынан үлкен көмек көрсетіледі. Сондай-ақ, Орта Азия Мемлекеттік университеті қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнына көптеген оқу және лабораториялық құрал-жабдықтар беріп, әдеби және ғылыми кітаптармен жабдықтайды. Дегенмен, 1930-1931 оқу жылында университетті Қазақ педагогикалық институты етіп қайта ұйымдастыруға тура келді. Егер 1931 жылдың аяғында ҚазПИ-ді бітірген алғашқы 53 түлек жоғары білімі жайлы диплом алса, екінші бесжылдықтың соңына дейін осы жоғары оқу орнының қабырғасынан 500-ден астам білікті маман өсіп шықты [26, 123 б]. Кәсіптік оқу орындары өнеркәсіп пен құрылыс, көлік пен байланыс, ауыл шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру мен өнер үшін мамандар даярлай бастады.

Жалпы қорыта алғанда, автономиялық дәрежеде болса да Түркістан үшін Орта Азия мемлекеттік университетінің орны ерекше болды. Оның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінде университет маңызды орын алды. Әсіресе, университеттің халық шаруашылығын қалпына келтіруде және оған мамандар дайындауда атқарған қызметі орасан зор еді. Сонымен қатар университеттің негізін қалауда қазақ зиялылары да өз үлестерін қосып, өлкедегі білім мен ғылымды дамытуда маңызды рөл атқарды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шоқай М. Таңдамалы. –Алматы: Қайнар. Т.1. 1998. -512.
2. Қойгелдиев М. Орталық Азия халықтарының тұтастығы: мәселенің тарихи кезеңдері // Отан тарихы, № 4. 2005. 3-11 бб.
3. Қойгелдиев М. Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. -208 б.
4. Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақстан мектебі, №6. 1998. 29-37 бб.
5. Дулатұлы М. Еңбекшілер автономиясы // Ақ жол. 1921. 29 наурыз.
6. Ахметов Қ.Ә. XXғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстан мәдениеті («Мәдени революцияның» концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы). -Тар.ғыл. док. ғыл. дисс. авторефераты. –Алматы, 2002. -55 б.
7. ӨР ОММ. 25-к., 1-т., 1414-іс.
8. ӨР ОММ. 34-к., 1-т., 687-іс.
9. ӨР ОММ. 25-к., 1-т., 1951-іс.
10. ӨР ОММ. 372-к., 1-т., 98-іс.
11. ӨР ОММ. 17-к., 1-т., 1118-іс.
12. Досмұхамедов Х. Аламан. -Алматы: Ана тілі, 1991. -172 б.
13. ӨР ОММ. 372-к., 1-т., 9-іс.
14. ӨР ОММ. 372-к., 1-т., 93-іс.
15. ӨР ОММ. 372-к., 1-т., 465-іс.
16. ӨР ОММ. 372-к., 1-т., 67-іс.
17. 140 ӨР ОММ. 86-к., 1-т., 621-іс.
18. Досмұхамедұлы Х. Қазақ тілінде латын әріпін алу мәселесі (ғылыми жоба) // Ақ жол, 1924. № 435.
19. ӨР ОММ. 368-к., 13-т., 3-іс.
20. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. -275 б.
21. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. -352 б.
22. Айдосов А.Х. Ежелгі түркі өркениеті және қорқыттану. Оқу құралы. - Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2003. -251 б.
23. Досжанов Д. Абакты. –Алматы: Қазақстан, 1992. -228 б.
24. Байтурсунов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей, 1919. № 29. 2 августа.
25. ӨР ОММ. 372-к., 1-т., 60-іс.

26. Тилеукулов С. Первый Казахский институт в Ташкенте (сборник документов и материалов). –Ташкент: ТГПУ им. Низами, 2005. -160 с.